

Бейнеу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 ақпандағы № 54 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 292 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 қарашада № 4029 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес, Бейнеу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Бейнеу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 ақпандағы № 54 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3831 болып тіркелген, 2019 жылғы 7 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

қосымшада:

реттік нөмірі 14 жол келесідей мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"

14.	"Амина" жеке меншік балабақшасы	90	30150	3-тен 7 жасқа дейін - 9464
-----	---------------------------------	----	-------	----------------------------

".

;

келесідей мазмұндағы реттік нөмірі 15 жолмен толықтырылсын:

"

15.	"Нұр-Жанарыс" жеке меншік балабақшасы	50	30150	3-тен 7 жасқа дейін - 9464
-----	---------------------------------------	----	-------	----------------------------

".

;

Барлығы	2098		x	x
---------	------	--	---	---

ЖОЛ:

келесідей мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"

Барлығы	2178		x	x
---------	------	--	---	---

".

2. "Бейнеу аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б. Демократұлы) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Бейнеу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау білім саласына жетекшілік ететін Бейнеу ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Абилов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК